«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының

2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың

**ЕСЕБІ**

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі. Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы.

**Парламенттің мақсаты**: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

**Парламенттің міндеттері:**

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

**Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:**

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.  8. Экология және еңбек фракциясы.

Мектепішілік өзін-өзі басқару ұйымына «Парламент» «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас жол инспекторлары», еріктілер клубы, «Адал ұрпақ» клубы кіреді.

2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жоспар бойынша ұйымдардың мүшелері жиналып, сынып белсенділерін тағайындады. Жыл бойына жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

***1 қыркүйек – Білім күніне*** орай әрбір сыныпта **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** сынып сағаттары өткізілді.

1-4 сыныптар «Жас қыран» оқушыларының саны –343, 5-10 сыныптар – «Жас Ұлан» саны – 364, барлығы-760 оқушы.

**Құқық және тәртіп фракциясы:**

Оқу жылының басында мектеп президентін сайлау науқанында №44 мектебінде жоғары сынып оқушылардың арасында "Мектеп президенті" сайлауы бойынша 5 үміткер: Сағындыққызы Аружан, Дауталиева Диана, Бекесов Ануарғали, Төлеген Гауһар, Артыгалиева Аружан өз бағдарламаларын ұсынды. Сайлау бойынша 10 сынып оқушысы **Дауталиева Диана** мектеп президенті атанды.





Парламент отырысында фракция мүшелері «Жас Ұланбасы» 10 сынып оқушысы Айткалиев Данилға көпшілігі дауыс берді.

Республика күніне орай №44 мектебімізде 20.10.2023 жылы 5-7 сыныптар арасында "Патриоттық әндер" байқауы өтті. Мақсаты: оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Өз елін, жерін, Отанын сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.

Байқау нәтижесі бойынша:

3 орын - 7 "А", 7 "Ғ" сынып оқушылары;

2 орын - 6 "А", 6 "Б" сынып оқушылары; 1 орын - 5 "Б" сынып оқушылары;
Бас жүлде - 7 "Б" сыныбы. Оқушылар дипломдармен марапатталды.
Қамтылған оқушылар саны 127.

Республика күніне орай жалпыреспубликалық «Қыран елім – Қазақстаным!» атты патриоттық акция аясында мектебімізде мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай – қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту. Қатысқан оқушылар саны: 24




22 қазан күні №44 мектебімізде Республика күніне орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Мақсаты: Отанымызды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге баули отырып, туған жеріне деген сүйіспеншілін ояту. Елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.






Жыл сайын мектепте «Дублер күні» өтеді. «Дублер күні» мектептегі өзін-өзі басқарудың бір түрі болып табылады. Бұл күні жоғары сынып оқушылары өздерінің азаматтық кемелденуін жүзеге асырады. Мұндай жұмыс түрлері балалардың шығармашылық бастамаларын қалыптастыруға, өздерінің алдына мақсат қоя білуге жетелейді. Өзіндік басқару оқушылардың тұлғалық өсуіне, олардың жауапкершілігі мен өздігінен дамуына әрекет етеді.

«Дублер күні» балалар мектептің барлық сыныптарында оқу үдерісін өздігінен ұйымдастырады. Сабақтты өте сауатты және қызықты етіп өткізеді, оқушылармен қарымқатынас жасайды. Оқу күнінің соңы концерттік бағдарламамен аяқталады, онда тек қана оқушылар ғана емес, мұғалімдер де оқушылардың жетекшілігімен өздерінің көркем өнерлерін ортаға салады.





30 наурыз күні №44 мектебінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы 6 сынып оқушылар арасында "Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі" тақырыбында суреттер көрмесі өтті. Мақсаты: оқушыларға тек еңбек арқылы барлық жетістікке жетуге болатындығын түсіндіру, адам еңбегін бағалай және сыйлай білуге тәрбиелеу.


БІЗ ЗОРЛЫҚ


ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ


Біз зорлық
зомбылыққа
қарсымыз





**Спорт және салауатты өмір салты фракциясы** «Шыныққан шымыр боласың» атты спорттық шара ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Бұқаралық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.

Жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға, өмірді сүюге баулу.

Барысы: Отбасы күніне орай өткізілген «Шыныққан шымыр боласың» атты спорттық шара өтті.




2022 жылдың 23 қыркүйегінде №44 мектебінде "Денсаулық күні" күні өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: кез-келген аурудың ең жақсы құралы ретінде дене шынықтыру мен спортты насихаттау, балаларды дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру.

1-4 сынып оқушылар нейроскакалкамен секіріп, алфальтта сурет салып, би билеп жарысты. 5-7 сынып оқушылары «Көңілді старт» жарысына қатысып, көңіл- күйлерін көтерді. 8-11 сынып оқушылары баскетбол, футбол, волейбол жарыстарына қатысты.

Соңында 5-11 сынып оқушылары «Біз табиғатты қорғаймыз!» тақырыбында қабырға газетін шығарды.





4 сәуір күні №44 мектептің «Бағдаршам» жас жол инспекторлары көшедегі жаяу жүргіншілерге жол жүрі ережелерін сақтау туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.

3 сәуір күні №44 мектебінің 4-5 сынып оқушылары "Жүргізушіге хат" акциясында автокөлік жүргізушісіне арнап жылдамдық режимін сақтау, арнайы белгіленген учаскелерде жаяу жүргіншілерге жол беру қажеттілігі туралы хат жазған еді,
5 сәуір күні «Бағдаршам» жас жол инспекторлары хаттарды көшедегі көлік жүргізушілерге таратып шықты.








**Мәдениет және өнер фракциясы**

Мектеп Парламенті мен Жас Ұлан ұйымы оқушыларының ұйымдастыруымен 5-7 «Алтын күз» және 8-10 сыныптарға "Ханшайым мен Ханзада" сайысы өткізілді.





"Ұстаздар күніне" орай Мектеп Парламентінің оқушылары "Қалдырған ізің мәңгілік..." атты мектебімізде мерекелік шара ұйымдастырды.






«Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен карауды дәріптеу.
Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу. Міндеттері:

✓ білім алушылардың қоршаған ортаға қамқорлық сезімін ояту

✓ білім алушылардың табиғатқа ұқыптылықпен қарауға баулу

✓ еңбекке деген құрмет сезімін ояту   Қатысқандар саны: 40  Егілген ағаш саны: 20

5 сәуір күні №44 мектебінің 9-10 сынып оқушылары мұғалімдермен бірлесіп, мектеп территориясында "Табиғатты аялайық" атты сенбілікке шығып, табиғатты аялауға және тазалық сақтауға өз үлестерін қосты.
Мақсаты: Табиғатты, қоршаған ортаны аялауға, қорғауға, тазалығын сақтауға,қамқорлық жасауға, мейірімді болуға, жауапкершілікке тәрбиелеу.




9 мамыр – Жеңіс күні жақындап келеді. Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бейбітшіліктің мәңгі жасампаздығын, ақтық демі қалғанша Отанын қорғаған жауынгерлердің айбыны, тылдағы жұмысшылардың ерен еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі. Бұл күн – абыройымыз бен даңқымыз артқан күн. Атабабамыздың табандылығы мен ерлігі, Отанға деген сүйіспеншілігінің арқасында қатал соғыстың нәтижесі Жеңіспен аяқталған күн. Жеңіс күніне орай «Жеңіс ленталарын» тарату акциясы өтіп келеді. Акцияға мектеп парламентінің мүшелері белсене қатысты. Акцияның басты мақсаты – Ұлы Отан соғысына елі мен жері үшін жаумен шайқасқан қаһарман жауынгерлердің ерлігін мәңгіге ұрпақ санасында қалдыру




ҰЛЫ ЖЕҢІС
КҮНІМЕН
С днём Победы
1941-1945
9 МАМЫР


9
мамыр


9
мамыр


9
мамыр


9
мамыр




9 МАЯ!
С
ПРАЗДНИКОМ



2023 жылдың 20 наурызында біздің мектепте мектеп Президенттері,Ұланбасы және балалар құқықтары жөніндегі балалар өкілдерімен диалог алаңында кездесу өтті. "Мектеп бұл біртұтас организм, ал оқушының өзін — өзі басқаруы-бұл тұтастықты қамтамасыз ететін құрылымдық байланыстардың бірі."Ол кері байланыс беріп, балалардың зор шығармашылық әлеуетін іске асырады. Бүгінгі таңда біздің басты міндетіміз: өзін-өзі көрсетуге жағдай жасау, көшбасшылардың шығармашылық белсенділігін оның әр түрлі көріністерінде ынталандыру, оған шығармашылық векторды сыпайы және ұқыпты беру.
Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы айтқанда, бұл оқу процесін басқару емес екенін түсіну Парламент мүшелері біздің мектепке келіп, президент Д.Дауталиева мен Ұланбасы Д.Айтқалиев экскурсия өткізіп, мектептің көрнекті кабинеттер мен дәліздермен таныстырды.

**Шешім:** 2022-2023 оқу жылында Парламент жұмысы қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылды. Жұмыс осы бағытта жалғасын тапсын.